

ВНЕДРЕНИЕ СОВРЕМЕННЫХ ЦИФРОВЫХ СИСТЕМ СИГНАЛИЗАЦИИ, ЦЕНТРАЛИЗАЦИИ И БЛОКИРОВКИ ПОЗВОЛИТ ПОВЫСИТЬ БЕЗОПАСНОСТЬ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕВОЗОК, ОБЕСПЕЧИТЬ РОСТ ПРОПУСКНОЙ СПОСОБНОСТИ ЗАГРУЖЕННЫХ СТАНЦИЙ.

Батыр КОТЫРЕВ,
главный инженер АО «НК «ҚТЖ»



№24-25 (2632-2633)
23/04/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

БЕЗОПАСНОСТЬ – ЭТО ЖИЗНЬ

Девять структурных подразделений ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» награждены сертификатами доверия в области безопасности и охраны труда АО «НК «Қазақстан темір жолы».

Асель ШАЙХЫНОВА
Нур-Сұлтан

Сертификат доверия – это знак безопасности, надежности и компетентности. Он вручается за отличные результаты по обеспечению безопасного труда, за своевременное выявление нарушений техники безопасности и устранение выявленных замечаний. – Один из главных критериев при вручении сертификатов – отсутствие производственного травматизма в течение 7, 10 и 15 лет. Нулевой травматизм – это качественно новый подход к организации профилактики, объединяющий три направления: производственную безопасность, охрану труда и благополучие работников на всех уровнях производства, – подчеркнул директор департамента производственной безопасности и экологии ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Берик Истлеев. Так, за вклад в обеспечение безопасности и охраны труда на производстве сертификат доверия

1 класса получили Сексеульское эксплуатационное локомотивное депо, Оскеменское эксплуатационное вагонное депо и станция Матай. Сертификаты доверия 1 класса вручаются линейным подразделениям, проработавшим без производственного травматизма свыше 15 лет. Сертификатов доверия 2 класса удостоены станция Семей, Илецкое эксплуатационное локомотивное депо и Илецкое линейное эксплуатационное подразделение по вагонному хозяйству. Они проработали без производственного травматизма более 10 лет. Сертификат доверия 3 класса получили Кандыгагашское эксплуатационное локомотивное депо, Мангистауское эксплуатационное вагонное депо и станция Сексеул, где за семь лет не зарегистрировано ни одного несчастного случая. Сертификат доверия освобождает линейные подразделения от плановых проверок



по соблюдению требований трудового законодательства. – В преддверии 30-летия независимости Казахстана с гордостью могу отметить, что проделана большая работа в области охраны труда на железной дороге. Награжденные являются примером того, что можно работать много лет с нулевым травматизмом, – отметил главный менеджер департамента по технической политике ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Дулат Айдымбаев. По мнению заместителя начальника по производству Сексеульское эксплуатационное локомотивное депо Еркебулана Аяганова, только бдительность может предотвратить травму. – Наш коллектив очень рад сегодня получить сертификат доверия 1 класса. Это значит, что

мы на верном пути к нулевому травматизму. Мы благодарны руководству компании за заботу о своих сотрудниках и постараемся работать еще слаженнее и лучше, – сказал он. Много труда и усердия приложили в реализации на дороге концепции нулевого травматизма и в коллективе Кандыгагашского эксплуатационного локомотивного депо. По словам главного инженера предприятия Берика Али, только неукоснительное выполнение правил охраны труда – путь к нулевому травматизму. Среди приехавших в столицу для получения сертификата – начальник сектора производственной безопасности и экологии Кандыгагашского эксплуатационного локомотивного

депо Зинаида Твердохлеб. – Мы очень тесно работаем с коллективом – 24 часа в сутки 7 дней в неделю. Проводим техзадания, делаем разъяснение работ, показываем ролики, обучаем и многое другое. Сейчас, во время пандемии, собираем небольшие группы – не более 10 человек. Много работаем индивидуально в цехах – с каждым слесарем подвального состава, с локомотивными бригадами, – говорит она. – Наша станция – 1 класса, мы более 7 лет работаем без травматизма. Я и весь наш коллектив очень гордимся этим достижением. Мы стремимся сделать наш труд как можно более безопасным, – отметил заместитель начальника по логистике станции Сексеул Абдулалым Жапаков. Фото Александры ЖАБЧУКА

ТРАНЗИТ ВСЕГДА В ТРЕНДЕ

Практически треть транзитных грузов, которые были перевезены в 2020 году через территорию Казахстана, транспортированы АО «KTZ Express».

Об этом 15 апреля в ходе онлайн-конференции «Asia Grains & Oils Conference: Online Edition», организованной АПК-Информ, сообщила заместитель генерального директора по продажам АО «KTZ Express» Мадина Ахмеджанова. По ее словам, в целом объеме перевозок АО «НК «ҚТЖ» за 2020 год в транзитном сообщении составили 20,6 миллиона тонн, львиная доля которых – в направлении в/из Узбекистана. – При этом из 20,6 миллиона тонн перевезенных грузов транзитом через территорию Казахстана порядка 6,5 миллиона тонн – перевозки KTZ Express, – уточнила Мадина Ахмеджанова. Спикер подчеркнула, что компания уделяет большое значение международному контейнерному транзиту. – Основные направления контейнерного сервиса: Китай – Европа – Китай, Китай – Центральная Азия – Китай, Китай – Иран – Китай, Транскаспийский международный транспортный маршрут, проходящий через порты Актау к Азербайджану и Грузию, а также через сухопутный переход в направлении Турции и Европы. Также компания уже имеет налаженные регулярные контейнерные перевозки из Узбекистана в Турцию, в направлении Стамбула и обратно. Кроме того, для узбекистанских партнеров мы отрабатывали перевозки через Каспийское море, – добавила она. Алуа ТЛЕУБАЕВА, Нур-Сұлтан

Онлайн-форум

ҚЫТАЙҒА ЖҮК ТАСЫМАЛДАУ МӘСЕЛЕСІ СӨЗ БОЛДЫ

Қытай Қазақстаннан келетін жүктерді қабылдау жұмыстарын қайта жандандырды. Бұл туралы осы аптада «Магистраль» сарапшылар форумының X онлайн жиынында айтылды. Сарапшылар Қытай бағытында жүк тасымалдау мәселелері мен перспективаларын талқылады.

Ұлан ОРАЗ,
Нур-Сұлтан

Форум модераторы – Салалық медиа қауымдастығының төрағасы Жанна Исингарина онлайн шараны аша келе Қытай тарапының шекарада карантин шараларын қатандатуына байланысты Қазақстан осы елге отандық өнімдерді экспорттауға шектеу қоятын бірқатар мәселелермен ұшырасып отырғанын айтты. Онлайн жиынға қатысқан «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС бас директорының орынбасары Қанат Көбесовтің айтуынша, көктемнің басында екі ел шекарасындағы жағдай өте күрделі болды. «Қытай тарапымен бірлесіп бірқатар жиналыстар өткіздік, келісімдерге қол қойылып, уағдаластыққа қол жеткізілді. Сол тұста Қытай бағытына қайта жүктеп тиеу үшін 2000 жабық вагон тұрып қалды. Жүргізілген қажырлы еңбектің арқасында осы мәселе ақыры шешімін тапты: Қытай біздің барлық проблемалық жүктерімізді қабылдай бастады», – дейді Қ. Көбесов. Осы жылдың 20 сәуіріндегі жағдай бойынша Достық станциясында 402 вагон, ал Алтынкөл станциясында 326 вагон қалды. Қанат Көбесовтің

мәлімдеуінше, 30 сәуірге дейін соның бәрі шешімін тауып, жүктер түгел желінгілетін болады. Ал «Kazlogistics» Қазақстан көлікшілер одағы төрағасының орынбасары Юрий Лавриненконың айтуынша, бірінші кезекте бос вагондардың көп көлемі жиналып қалған Ақтоғай-Достық аралығындағы темір жол тегістеріндегі жұмыстар технологиясын жетілдіру бойынша күрделі мәселелерді шешу қажет. Мұнда жүкті түсіріп-тиеу орындары жетіспейді, торап алды станциялар дұрыс дамымаған. Осы ретте Ю. Лавриненко Ақтоғай-Достық және Ақтоғай-Мойынты теміржол тегістерін жаңғыртуда мемлекеттік жекеменшік әріптестік схемасы бойынша жұмыс жүргізуге болмайтынын ескертті. ҚР Ұлттық экспедиторлар қауымдастығының бас директоры Мұхамбет Сабетовтің айтуынша, Достық және Алтынкөл станцияларында қабылданбаған жүктер экспедиторлық компаниялар мен вагон операторларын біраз табысынан айырды. «Қазақстан аумағы арқылы транзит сомасы былтыр 354 млрд теңге болған – бұл «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның барлық табысының 30% бөлігі. Өткен жылы транзит көлемі 20%

өскен. Ал Достық пен Алтынкөл өткізу пункттеріндегі жағдай транзиттің осы қарқынды баяулауға әкелді» деді ол. М. Сабетов сонымен қатар ҚР ИИДМ, «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС шекарадағы жағдайды шешуде үлкен жұмыстар атқарып жатқанын, әсіресе станция жолдарында вагондарды тұрып қалғаны үшін айыппұл салдырмау, экспорт көлеміне жедел түзету енгізу, жүктердің жартысын Алтынкөл арқылы қайта бағыттауға маңызды рөл атқаратынын атап өтті. «ТХКБ» ХҚ» бас хатшысы Рахметолла Құдайбергенов былтыр наурыздан бастап аталған бағдарда Қытайдан Еуропаға азық-түлік жүктерінің көп көлемде жүк тасымалдауы төмендеп кеткенін мәлімдеді. Ал бұл бірінші тоқсанда Достық пен Алтынкөл станцияларында шектеулер болған жоқ, 29 контейнерлік пойыз өткізіліп, Алтынкөлге тағы 7 пойыздың келуін күтіп отыр. Жалпы алғанда тасымал көлемі 3,3 есе артқан. Спикер сонымен қатар экспорттердің қатысуымен Қытайға жүк жеткізуді нақты жоспарлау қажеттілігіне назар аударды. Тұтынушылар құқықтарын қорғау жөніндегі Коалиция төрағасы Мұрат Әбенев форумының тен модераторы ретінде сөз алып, Қазақстан темір жолы мен мемлекеттік органдардың бизнес өкілдерімен қытай шекарасындағы мәселелер туралы ашық диалогты қолдан дүрбелең жасамауға көмектескенін жеткізді.

ҮШ АЙДА – 60 МЛН ТОННА

Коронавирустық пандемияның таралуы төмендемей, керісінше күрделеніп отырған жағдайда да теміржолшылар жұмыс ырығын бұзбай, өз міндеттерін абыроймен атқаруда.

Ағымдағы жылдың қаңтар-наурыз айларында «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісінде 60 млн тоннадан астам жүк тиеліп, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2 пайызға артық шықты. Тек алғашқы тоқсанда ел ішінде 40 млн тоннадан астам жүк тасымалданған. Бұл өткен жылдың деңгейінен 3 пайызға жоғары болып отыр. Ал экспортқа 21 млн тоннадан астам жүк тиеліп, ол көрсеткіш өткен жылдың деңгейіне сәйкес келді. Осы арада атап өтерлігі, үш айда республика ішіне бағытталған жүктің басым бөлігін, яғни 20 млн тоннасын тас көмір құраған және де оның тиелген көлемі өткен жылға қарағанда 12 пайызға өскен. Стратегиялық маңызды жүктің 7 млн тоннасы шетел асқан. Жыл басынан бергі тоқсан күнде 2,3 млн тонна астық тасымалданып, оның 1,7 млн тоннасы экспортқа шығарылған. Бұл көрсеткіш өткен жыл деңгейімен пара-пар. Қаңтар-наурыз кезеңінде өткен жылдың ұқсас көрсеткіштерімен салыстырғанда қара металл тасымалы 25 пайызға (1,3 млн тонна), түсті кен 6%-ға (5,5 млн тонна), темір кені 2%-ға (6,3 млн тонна) өсті. Бірінші тоқсанда жүк айналымы 53,4 млрд т-км құрады. Ислам ТАЛҒАТ

Выставка

УВЕЛИЧИТЬ ПОГРУЗКУ

Меморандумы по увеличению погрузки вагонов подписаны между АО «Қаз-теміртранс» и российскими операторами вагонов на 25-й Международной выставке транспортно-логистических услуг, складского оборудования и технологий в Москве.

Роман ЛЮБИМОВ,
Нур-Сұлтан

Свою продукцию и услуги на выставке TransRussia-2021 презентовали более 200 компаний из Казахстана, Азербайджана, Беларуси, Бельгии, Великобритани,

Венгрии, Германии, Китая, Латвии, ОАЭ, США, Турции, оказывающих услуги по перевозке и оформлению грузов. В этом году в ней приняли участие свыше 13 тысяч человек, в том числе представители дочерней компаний АО «НК «ҚТЖ» – АО

«Қазтеміртранс». Стенды казахстанских компаний, оформленные в национальном стиле, вызвали интерес у представителей европейских компаний. Кроме того, в рамках мероприятия представители АО «Қазтеміртранс» достигли договоренностей



о сотрудничестве с крупнейшими компаниями транспортно-логистической отрасли. Так, подписаны меморандумы по увеличению погрузки вагонов АО «Қазтеміртранс» на территории России под сервисные контракты АО

«ПТК» и АО «НПК» и увеличение погрузки вагонов АО «ПТК» и АО «НПК» под сервисные контракты АО «Қазтеміртранс» на территории Казахстана, сообщили в пресс-службе АО «НК «ҚТЖ». Фото автора



Нурлан НҮРПЕЙІСОВ,
«Қазпрофтранс» ҚБ ақпараттық қамтамасыз ету және ұйымдастыру жұмыстары департаментінің директоры:

ИНДЕТ БІЗГЕ ТЫМ ЖАҚЫН КЕЛДІ. БҮЛ БӘРІМІЗГЕ ОҢАЙ ТИМЕЙ ТҰР. СОНДЫҚТАН БҮГІНГІ ТАҢДА ПАНДЕМИЯ ҚАҮПІН СЕЙІЛТУДЕ ЕКПЕ САЛДЫРЫП, ҰЖЫМДЫҚ ИММУНИТЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАН БАСҚА ЖОЛ ЖОҚ. СОЛ СЕБЕПТІ ДЕ БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРДЫҢ ДҰРЫС ШЕШІМ ҚАБЫЛДАП, ӨЗІНІҢ ДЕ, ЖАҚЫНДАРЫНЫҢ ДА САУЛЫҒЫН ОЙЛАҒАНЫ ЖӨН ДЕП САНАЙМЫН

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

«ЦИФРЛЫ ТРАНСФОРМАЦИЯ» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ДА

60

ЖОБА МЕН ІС-ШАРА ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУДА

«ТЕМІРЖОЛ ЖӨНДЕУ» ЖШС АҚТӨБЕ ФИЛИАЛЫ БИЫЛ

84 КИЛОМЕТР

ЖОЛҒА КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖҮРГІЗЕДІ

ЖАМБЫЛДА БИЫЛ

30 КИЛОМЕТР

ЖОЛДЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ ЖОСПАРЛАНҒАН

ШЕКТЕУЛЕР ПАЙДА БОЛДЫ

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Нұр-Сұлтан



Көліктегі бас мемлекеттік санитар дәрігердің 2021 жылғы 14 сәуірдегі №100 қаулысына сәйкес бұрынғы қаулыларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы қосымша шектеулер пайда болды.

Бұл өзгерістер халық арасында коронавирус инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында «тәуекелі жоғары, қауіпті», яғни қызыл аймақтағы өңірлердегі вокзалдарға қатысты енгізілді. Сонымен енді барлық вокзалдарда жаңа ережелермен кіріп шығасыз. Вокзал мен перрондарға шығарып салушылар мен қарсы алушыларды кіргізбейді. Жолға шығып бара жатқандар пойызға тек вокзал арқылы өтеді, ал пойыздан түскендер вокзалдың қапталындағы қақпалар арқылы бірден қалаға өтеді. Демек пойыздан түсіп жатқандарды вокзалға кіргізбейді. Келуші және кетуші жолаушылар үшін бөлек дәліздердің ұйымдастырылуы оларды бір-біріне қарсы жүру ағынын болдырмау үшін қолға алынып отыр. Бұған қоса билет алуға келген жолаушылар үшін «жасыл дәліз» де ұйымдастырылған.



МАРАПАТҚА ҰСЫНДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Маңғыстау



Өткен аптада Маңғыстау ЖТ бөлімшесі 1 тоқсан қорытындысы бойынша пойыздар қозғалысы қауіпсіздігінің бұзылу жағдайларын шығарып, қауіпсіздікті қамтамасыз еткен теміржолшыларды анықтады.

Атап айтқанда, Маңғыстау вагон пайдалану депосында вагондарды тексеру жұмыстарының қорытындысы бойынша биыл 23 жүк вагонынан ақау табылғаны белгілі болды. Бүйір рамасы ақаулары – 7, білік қорабының ақаулары – 6, соққы тарту құрылғысы – 6, серіппелі сәуле – 2, доңғалақ дискісінің жарықтары – 2 болды.

«Өз жұмысында қырағылық танытқан 17 теміржолшыны «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісімен марапаттау үшін «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС басшылығына өтініш-хат жолдадық. Біз осындай өзінің майталмандарын жоғары бағалап, өзгерлерге үлгі етуіміз керек. Себебі олар қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, темір жолдағы болуы мүмкін ауыр зардаптардың алдын алды», – дейді Маңғыстау ЖТ бөлімшесі директорының орынбасары Ерлан Бүркітов.

Оның айтуынша, аталған озат вагон қараушылар қатарында Нұрмұхан Тұрмағамбетов, Айдынғали Андаев, Майрамбай Жариев, Саят Бердіқұлов, Мырзақелді Сәрсенғалиев, Ерлан Балиғатов, Ходжанепес Есебаев, Абылай Шоғыбаев, Қазбек Тегісбаев, Нұрболат Китжанов, Мақсат Дүйсембаев, Азамат Өмірғалиев, Абылай Тасқара, Жәнібек Исанов, Жанарбек Якупбаев, Райымбек Шынтеміров, Әділбек Өсербаев сынды теміржолшылар бар. Олардың арасында бір емес, бірнеше рет ақау тапқандары да кездеседі.

Суретті түсірген автор

ШЫҒЫН ӨНДІРІЛДІ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



Мұнай өнімдерінің тасымалдану көлемінің азаюы өңірдегі жүк тиеу-түсіру көлеміне де әсер етеді. Мәселен, Құлсары станциясынан пропан-бутан мен химикат, Теңдік станциясынан мұнай өнімдері тиелген цистерналардың экспортқа жөнелтілуіне мерзімді рұқсат берілмеуі де жүк жіберу көлемінің азаюына себепші болды.

Жүк жөнелтуші кәсіпорындардың осындай жағдайларға байланысты кейде мұнай және мұнай өнімдерін экспорттаудан бас тартуы көрсеткіш деңгейіне әсер етеді. Алайда, жүк жөнелтуші компаниялардың вагондарды игермеуіне орай олардан айыппұл өндіріліп отырады. Мысалы, биылғы жылғы Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша 3 айда Құлсары станциясынан 769 вагон пропан-бутан мен 361 вагон химикатты игергендігі себепті «Теңішевройл» кәсіпорнынан 2457467 және 1401619 теңге, Теңдік станциясынан «БатысТранс Групп» ЖШС 3675 вагонды игергендігіне сәйкес 16079963 теңге, 883 вагон химикат үшін 3863568 теңге, «Парк хранения сжиженного газа» ЖШС игерілмеген 557 вагонға 2437154 теңге, «Тенгизская Транспортная Компания» ЖШС-нан 60 вагонға 262530, ал «Индер Түз Компания» ЖШС-нан Мақат станциясы бойынша 209 вагонға 814480 теңге айыппұл салынып, өндірілген. Бұл қаражаттың бәрі Қазақстан темір жолы компаниясының бюджетіне аударылады.



ӨНДІРІС КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУ: жаңа жобалар жоғары нәтижеге қол жеткізеді



Семей ЖТ бөлімшесінде қозғалыс саласы және жүк тасымалы бойынша биылдан бастап жаңа жобалар қолға алынуда. Негізгі басымдық өндіріс көлемін ұлғайту болып отыр. Нәтижесіз де емес, әсіресе Жаңа-Семей, Дегелең және Жаңғызтөбе станцияларында ілкімді шаралар атқарылып, жүк тиеуде миллионер станциялар қатары артуда.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Қазіргі таңда бөлімше бойынша жүк тиеу көрсеткішіне негізгі ықпал ететін екі станция Дегелең және Жаңғызтөбедегі жұмыстар ширатылуда. Жүк тиеудің жылдық жүктемесін 20 млн тоннаға жеткізу туралы көтерілген бастама межеге сай орындалуы үшін ағымдағы жылы 2-ші класты Дегелеңнен тиелетін көмір көлемін 8 млн тоннаға жеткізу жоспарға енгізілген еді. Бұл орайда бөлімшенің басты әріптесі «Восток Уголь Пром» ЖШС ағымдағы жылы жүк тиеу ісін біршама қарқын алдыруды көздеуде. Бұл орайда туындайтын басты талап – Дегелең станциясының талапқа сай болуы болып отыр. 4 кірме жол мен 6 қабылдап-жөнелту жолы жүк айналымын жоспарға сай жүзеге асыруда іркіліс тудырмауы керек.

Жұрда басталған көктемгі комиссиялық тексеру барысында осы жайтқа баса назар аударылып, орын алуы мүмкін олқылықтарға жол бермеу басты талап ретінде станция басшысы Талғат Башировка қатаң тапсырылды.

Ал, жүк тасымалындағы екінші жаңашылдық Жарма-Шар тәлімінің 817,1 шақырымында орын тепкен 3-ші класты Жаңғызтөбе станциясы бойынша жүзеге асырылмақ. Атап айтсақ, биылғы жылы аталмыш станцияда тиелетін аса бағалы түсті металдың тасымалдану көлемін 1,0 млн тоннаға жеткізу көзделуде. Бұл – бұрын-соңды жоспарланбаған жаңа меже.

Бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлімі

мамандарының айтуынша, аталмыш жоба үлкен нәтиже беруі тиіс. Себебі, Жаңғызтөбе станциясы бүгінде құрылымдық тұрғыдан толықтай қайта жаңғыртылды. Оған себеп – бұрындары тек іргелес аудандарға қатынайтын жолаушыларға ғана қызмет көрсеткен станцияда соңғы жылдары өндіріс көлемі күрт ұлғайып, миллиардтап табыс табуда.



ЖАРМА-ШАР ТӘЛІМІНІҢ 817,1 ШАҚЫРЫМЫНДА ОРЫН ТЕПКЕН 3-ШІ КЛАСТЫ ЖАҢҒЫЗТӨБЕ СТАНЦИЯСЫНДА БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ ТИЕЛЕТІН АСА БАҒАЛЫ ТҮСТІ МЕТАЛЛДЫҢ ТАСЫМАЛДАНУ КӨЛЕМІН 1,0 МЛН ТОННАҒА ЖЕТКІЗУ КӨЗДЕЛУДЕ. БҰЛ – БҰРЫН-СОНДЫ ЖОСПАРЛАНБАҒАН ЖАҢА МЕЖЕ.

Жалпы, Жаңғызтөбенің іргесіндегі қайтадан ашылған кен орнынан құрамында алтыны бар сульфидті руда өндіру қолға алынғалы бері жүк тиеу көлемі күрт өскен

болатын. Осы орайда, 2016 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін вагондарға жүк тиеу көлемі 1563 пайызға дейін еселеп артыпты. Өткен жылы 7800-дің үстінде вагон жөнелтілді. Ал биылғы жылғы болжамды жоспар бойынша жүк тиелетін вагондар саны шамамен 15 000 вагоннан асырылмақ.

– Бүгінгі таңда жүк көлемінің күрт артуы себепті жоспарды әр ай сайын жаңартуға мәжбүрміз. Мәселен, өткен жылдың есепті мерзімімен алғанда жүк айналымы екі есеге дейін өсті. Қазіргі таңда айына ең кемі 1 500 вагон жүк жөнелтіп жатырмыз, – дейді жаңғызтөбелік теміржолшылар.

Бұл жайттар өз кезегінде жаңғызтөбеліктер үшін вагон тапшылығын болдырмай, жүйелі іске көшуді міндеттеп отыр.

Жүк тасымалына қарқын алдырудағы келесі қадам Голубчанка станциясы бойынша жүзеге асырылмақ. Атап айтсақ, негізгі әріптес «Аламсервис» ЖШС-мен ынтымақтастықты нығайта отырып, аталмыш станциядан тиелетін жүк көлемі жыл соңына дейін 1,0 млн тоннаға жеткізілмек.

Бұл шаралардан тыс жүк жеткізуге тапсырыс берушілерді контейнерлік тасымалға көшуге үгіттеу сынды жұмыстар да қосымша тұр. Міне, жыл бойына жүргізілуі тиіс осынау міндеттемелер қатары қазіргі өтіп жатқан көктемгі комиссиялық байқау барысында іс басында пысықталуда. Ал, қолға алынған жаңа жобалардың нәтижесі бойынша бөлімшеде арнайы талқылаулар ұйымдастырылатын болады.

Суреттерді түсірген автор

Станция тынысы

ҚАЗЫҒҰРТ – ШЫМКЕНТ БӨЛІМШЕСІНІҢ ЖҮРЕГІ

Шымкент Жүк тасымалы бөлімшесіндегі Қазығұрт станциясы кластан тыс жүк станциясына жатады. Мұнда атқарылатын жұмыстардың маңыздылығы мен салмағы бойынша өңірдегі басты станция болып табылады. Сондықтан оны оңтүстіктегі бөлімшенің жүрегі деп атайды.

Жансая СЫДЫҚБАЙ,
Шымкент

Қазығұрт станциясында пойыздарды қабылдау, жөнелту және құрамдарды құру және тарату бойынша маневрлік жұмыстар орындалады. Қазығұрт-Шымкент, Қазығұрт-Қызылсай, Қазығұрт-Сайрам-Тоғыс-Ленгір және Қазығұрт-Текесу бағыттары бойынша жүктер тасымалданады. Сонымен қатар, станция Шымкент мұнай өңдеу зауытының тасымалдау қажеттілігін қамтамасыз етеді.

Станциядағы жұмыстар тәулік бойы жүргізіледі. Мәселен, наурыз айында Қазығұрттан тәулігіне 18 пойыз қабылдау керек болса, 21 пойызды құрап, артығымен орындалды.

Бір айдың ішінде 22 пойыз жөнелтілген, ал жоспарда 20 пойыз көрсетілген, осылайша меже 117% жетті. Ал жыл басынан бері үш айдың ішінде тәулігіне 19 пойыз қабылдаса, 20 пойыз жөнелтіліп отырған. Ал жүк артуда үш айда 527 вагон, яғни 32054 тонна тиелген. Тәулігіне 6 вагон жүк артылған. Өткен жылға қарағанда жүк тиеу 3 вагонға азайыпты. Мұның себебін станция басшысы Тоқтасын Қалмырзаев бұл жерде көбіне вагондарды жуып-шайып, тазалап, Текесу станциясына жеткізіп беру жұмыстарына байланысты екенімен түсіндіріп өтті.

Ал жүк түсіру наурыз айында әр тәулікте 83 вагонға жетіп, 24 вагонға көбейген. Үш айда 5417 вагон немесе орта тәулікпен 60

вагонды құраған. Техникалық жоспар бойынша 143% орындалды.

Қазығұрт қаржылық және пайдалану көрсеткіштерін орындай отырып, үйлесімді жұмыс істеуде. Өткен жылы станция тәулігіне орташа есеппен 1,1 мыңнан астам вагон өткізді. Орташа есеппен алғанда, тәулік сайын станцияда 540 астам вагон тиелсе, түсірілетіні – 80 вагон. Мұнда негізінен бензин, керосин, мазут, сұйытылған газ, дизель отыны сияқты жүктер тиеледі.

Қазығұрт станциясының бастығы Тоқтасын Қалмырзаев теміржол басшылығы тарапынан еңбекті ынтымақтандыру шаралары қабылданып жатқанын, бұл теміржолшыларды жұмысты барынша тиімді де адал орындауға ықпал етіп отырғанын айтып өтті. Айталық, осы жылдың 1 қаңтарынан бастап «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС филиалдарының қызметкерлері үшін еңбекақы төлеу торының өзгеруі ескеріле отырып 24% өсті.


Станция 1200 вагонға дейін өңдеу қабілеті бар механикаландырылған сұрыптау дөңесімен жабдықталған. Белгі беру және бұрмалар электрлі орталықтандырумен жабдықталған. Қабылдау-жөнелту паркінің 14 жолы, сұрыптау-жөнелту паркінің 5 жолы, сұрыптау паркінің 8 жолы бар. Қабылдау-жөнелту және сұрыптау-жөнелту жолдарының өткізу қабілеті 79 жұп пойызды құрайды. Станцияда вагондарға техникалық қызмет көрсету жүргізілетін вагондарды техникалық тексеру пункті орналасқан.

Суретті түсірген автор





«ЗДОРОВЬЕ» ПУТИ – высокая пропускная способность



ИНФРАСТРУКТУРА

Минувшее воскресенье для Карагандинского региона ознаменовалось приятным событием – на 69-м перегоне станции Жанаарка состоялось первое технологическое восьмичасовое окно с запуском капитального ремонта пути.

Светлана МОГАЙ,
Караганда

В целях производства ремонтно-строительных и монтажных работ в этот период по перегону было прекращено движение поездов. В текущем году оздоровление пути протяженностью 22 километра осуществляется с применением новых высококачественных материалов.

В воскресном мероприятии приняли участие порядка 56 работников путевого хозяйства. Как отметил начальник отдела пути Карагандинского отделения магистральной сети Нуржан Калиев, разработанный регламент работы, согласно которому в течение месяца должен быть завершен капитальный ремонт на Жанааркской дистанции пути. Следующим по плану «оздоровления» железнодорожного полотна подлежит участок протяженностью 23,5 километра на перегоне Караганда – Карабас, принадлежащий Акадырской дистанции пути.

Ремонтные работы по сплошной замене железобетонных шпал будут осуществляться с применением новой современной техники, в частности, путевой машины SMD-80, которая обладает повышенной производительностью и экономичностью, – рассказывает Нуржан Калиев. – Она состоит из трех частей: подающего конвейера новых шпал, моторного вагона и самодвижущегося порталного крана. Машина способна убирать и укладывать шпалы всех видов. Благодаря новой технике будет осуществлен ремонт 52 километров пути.

Сегодня запланирована работа по раз-

бору и укладке рельсошпальной решетки материалами, поставляемыми из Алматы. Кроме того, предполагается выгрузка щебня хоппер-дозаторными вертушками. Завершающий цикл действий – выправочно-подбивочные работы машинами тяжелого типа ВПО, электробалластером, комплексной машиной Diomatic, щебеочистительной машиной ЩОМ-Д с укладкой рельсошпальной решетки.

В дальнейшем намечается хороший эффект в плане увеличения пропускной способности и скорости пассажирских поездов. Если раньше курсировали две пары пассажирских поездов по направлению Караганда – Жезказган, то с открытием новой ветки Жезказган – Бейнеу стали курсировать 4 пары поездов. Таким образом, сокращено время хода и осуществляется своевременная доставка пассажиров до пункта назначения.

По словам главного механика южной дирекции ПМС Жарык Жаксылыка Альжанова, в капитальном ремонте задействовано 7 единиц автотехники, 5 единиц автомобильной, 2 укладочных крана и 7 моторных платформ, 2 единицы ВПО, 1 единица ЛБ.

– Во время восьмичасового окна мы демонтируем старые пути и проложим новые. Для этого предназначена автотракторная техника, которая прошла техосмотр и имеет стопроцентную готовность к работе, – подчеркнул он.

В процессе работы со стороны можно было наблюдать слаженность дорожных мастеров. Этому способствовали благоприятные погодные условия и профессионализм работников путевого хозяйства.

В этот день своих коллег пришел поддержать дорожный мастер с 40-летним стажем работы Еркем Кульманов. Сейчас он находится на заслуженном отдыхе. Со слов пенсионера, раньше приходилось работать ломом и лопатой, а сейчас сплошь и рядом внедряются передовые технологии.

– Бывшие работники разъезда скачуют по железной дороге. Каждый день я прихожу сюда, чтобы вспомнить о том времени, когда трудились вместе с ребятами, – вспоминает Еркем Кульманов. – Оздоровление железнодорожного полотна началось с Михайловки и продолжалось до Жезказгана. Мне довелось участвовать в строительстве новой железной дороги Жезказган – Бейнеу, и я счастлив, что смог внести свою лепту в процветание КТЖ.

Для справки: железнодорожный разъезд 69-й километр расположен на административной территории Жанааркского района Карагандинской области и входит в состав Бидайыкского сельского округа, насчитывает около 30 домов с проживанием 180 человек. Он находится на железнодорожной линии Жарык – Жезказган, между станциями Коктинколи и Жанаарка. Здесь останавливаются пассажирские поезда сообщением Жезказган – Жарык, Жезказган – Нур-Султан, Караганда-Пассажирская – Жезказган и другие.

Компактный по размеру разъезд за время своего существования сумел зарекомендовать себя как важное звено на Жанааркской дистанции пути. Прежде всего, он известен работниками путевого хозяйства, качественно выполняющими свою работу и болеющими за свое дело.

Фото автора

ВЫШЕ ПЛАНКУ ОТВЕТСТВЕННОСТИ



БЕЗОПАСНОСТЬ

За первый квартал текущего года локомотивными бригадами Алматинского эксплуатационного локомотивного депо применено 117 экстренных торможений против 187 аналогичного периода 2020 года. В том числе на людей – 36 против 45 в прошлом году, из них с наездом 1 против 4 случаев минувшего года.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

В депо разработан комплекс мероприятий, направленных на обеспечение безопасности движения поездов. Локомотивные бригады призваны четко выполнять действующие приказы, инструкции, рекомендации по работе на новых сериях локомотивов, тщательно изучать материалы по безопасности движения и осознавать роль и ответственность в деле ее обеспечения.

Следует отметить, что увеличилось число рапортов машинистов в Книгу замечаний, за три месяца их поступило 806 против 793 в прошлом году. Больше всего замечаний в адрес хозяйства сигнализации и связи. Но уменьшились нарушения по данным расшифровки скоростемерных лент, за первый квартал допущено 22 случая нарушения против 36 прошлого года. С



начала года зафиксировано 39 случаев наезда на скот против 72 в 2020 году.

Нужно знать, что любые, даже самые незначительные на первый взгляд, недоработки и ошибки могут привести к нежелательным последствиям. Как показывают анализ и разборы происходящих случаев нарушения безопасности, они чаще всего являются следствием не одиночной ошибки

или разового отступления от действующих правил. Поэтому в депо уделяется особое внимание работе с молодыми машинистами, по управлению тормозами при ведении поезда, порядку продувки пневматической системы локомотива с соблюдением требований техники безопасности.

Под особым контролем приемка локомотивов со всех ви-

дов ТО, строгое выполнение требований ПТЭ, ИДП, ИСИ, приказов и инструкций, а также поддержание локомотивов на должном техническом уровне и в эстетическом состоянии. За первый квартал текущего года заходов на внеплановый вид ремонта локомотивов 47 против 80 аналогичного периода 2020 года.

– Анализ состояния безопасности движения поездов свидетельствует о том, что несмотря на проводимые меры по ее повышению, не следует самоуспокаиваться. Слокомотивными бригадами постоянно прорабатываются допущенные события, инциденты, срывы эксплуатационной работы с изучением мер по выходу из нестандартных ситуаций, – комментирует ситуацию депо Болатказы Толекпаев.

Также проводятся профилактические мероприятия, направленные на оздоровление сотрудников, своевременное прохождение медкомиссии. Ведь локомотивные бригады постоянно подвергаются воздействию вредных и опасных производственных факторов, нервных перегрузок на фоне монотонного труда, повышения шума, вибрации на рабочем месте.

Фото автора

ЭКСПРЕСС-ДОСТАВКА ЗЕРНА

Асель ШАЙХЫНОВА,
Нур-Султан



ПЕРЕВОЗКИ

При поддержке акционерного общества «НК «КТЖ» АО «Астык Транс» в 2020-21 маркетинговом году по проекту маршрутизации перевозок зерна «Астык Транс-Экспресс» по железной дороге сформировало и перевезло более 300 «отправительских» и более 500 «ступенчатых» маршрутов.


По словам специалистов, в первом случае происходит отправка грузоотправителем с одной станции, во втором – с одной или нескольких рядом расположенных станций назначением на одну или более станций несколькими грузоотправителями.

Маршруты сформированы в направлении Средней Азии, порта Актау, Китая и внутри Казахстана.

При этом эксперты подчеркивают, что при средней скорости доставки зерна в традиционных направлениях составляет 200 км/сутки, скорость маршрута «Астык Транс-Экспресс» достигает 800 км/сутки. В частности, маршрут Сарыбел – Худжанд при обычном нормативе 13 суток доехал до Худжанда и встал под выгрузку за 5 суток, что сократило срок доставки в 2,6 раза от норматива.

Таким образом, порядка 30% экспортных перевозок Астык Транса осуществлено маршрутами, позволяющими разгрузить инфраструктуру на всем пути следования.

Кроме того, помимо предоставляемых скидок на маршрутные отправки увеличивается оборачиваемость денежных средств для осуществления трейдинга.



НА ВЗАИМОВЫГОДНЫХ УСЛОВИЯХ

Махаббат НЕГЕМБАЕВА,
Нур-Султан



СОТРУДНИЧЕСТВО

Увеличение погрузки сырья в вагонах АО «Қазтеміртранс» для нужд крупнейшего алюминиевого завода в Таджикистане обсудили в рамках рабочего визита делегации АО «НК «КТЖ» в Душанбе.

Генеральный директор дочерней организации АО «НК «КТЖ» – АО «Қазтеміртранс» Галым Кашкинбаев принял участие в совещании с представителями государственного унитарного предприятия «Таджикская алюминиевая компания» (ТАЛКО).

На совещании отмечалось, что сегодня 95% готовой продукции завода транспортируется в вагонах АО «НК «КТЖ». При этом достигнута договоренность по увеличению погрузки сырья для нужд производства ТАЛКО в вагонах КТЖ.

В рамках рабочего визита представители АО «Қазтеміртранс» встретились также с руководством Таджикской железной дороги. Стороны рассмотрели вопросы сезонной погрузки сырья для нужд производства ТАЛКО в вагонах КТЖ.

В рамках рабочего визита представители АО «Қазтеміртранс» встретились также с руководством Таджикской железной дороги. Стороны рассмотрели вопросы сезонной погрузки сырья для нужд производства ТАЛКО в вагонах КТЖ.

В рамках рабочего визита представители АО «Қазтеміртранс» встретились также с руководством Таджикской железной дороги. Стороны рассмотрели вопросы сезонной погрузки сырья для нужд производства ТАЛКО в вагонах КТЖ.

Фото автора

ЭТАЛОННЫЕ ВАГОННЫЕ ДЕПО

Роман ЛЮБИМОВ,
Нур-Султан



ПРОЕКТ

Образцовые вагонные депо появятся в Казахстане в рамках реализации 20 инициатив ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки».

Проект внедряется на базе вагонных служб станций Алматы и Атырау, которые в перспективе станут эталонами вагонного хозяйства. Затем успешный опыт образцовых депо будет распространяться на другие вагонные предприятия.

Для реализации проекта «Образцовые вагонные депо» в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» создана рабочая группа, в которую вошли представители департаментов технологических систем перевозочного процесса и вагонного хозяйства, а также IT-разработчик.

– В первую очередь комиссия проведет обследование технологического процесса работы будущих эталонных предприятий. Затем будут проведены расчеты технико-экономического обоснования по автоматизации функций депо, – отметил первый заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Канат Кобесов.

Проект позволит увеличить объем и скорость обработки вагонов за счет оптимизации ручного ввода и ускоренного взаимодействия с другими предприятиями и клиентами. Итогом масштабной работы станет введение механизма «единое окно» по приемке-передаче вагонов на ремонт через информационную систему вагонного эксплуатационного депо.


Прозрачность выполняемых процессов и операций исключит коррупционные риски в депо.

АЛҒАШҚЫ ТОҚСАН ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ



СЕЛЕКТОР

Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қозғалыс қауіпсіздігі бойынша директоры М.Шакеновтің төрағалығымен биылғы жылдың бірінші тоқсандағы жұмыс қорытындысы бойынша селекторлық жиын өтті.



Суретті түсірген автор

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Жиын барысында біраз мәселе қаралып, талқыланды. Әсіресе қызметкерлерді сапалы техникалық оқытуға және олардың техникалық білім деңгейін арттыруға ерекше назар аударылды. Қозғалыс қауіпсіздігінің ағымдағы жағдайын жақсарту, қызметкерлердің пойыздар қозғалысы қауіпсіздігі талаптарын сақтауына, жылжымалы құрам мен инфрақұрылым объектілерін сапалы ұстау мен пайдалануды бақылауды күшейту бойынша бірқатар тапсырмалар берілді.

Басқосуда белгілі болғандай, Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде осы жылғы бірінші тоқсанда қозғалыс қауіпсіздігін бұзу жағдайы тіркелмеген және оның көрсеткіштері былтырғы жылмен салыстырғанда өзгеріссіз. Қозғалыс қауіпсіздігін бұзу жағдайларын болдырмау мақсатында бөлімше аумағында «Қызметкерлердің кәсіби білімін арттыру» атты үш айлық жүргізілген. Айлық аясында профилактикалық шаралар қолға алынып, оқыту сабақтары ұйымдастырылған. Сондай ақ «Сұрыптау дөңесі» атты он күндік өткізілген.

— Биыл бөлімшемізде жалпы ұзындығы 47,904 шақырымды құрайтын күрделі жол жөндеу жұмыстары жоспарланған болатын. Қазіргі уақытта жалпы жоспарланған құр-

делі жол жөндеу жұмыстарының 32,742 шақырымы немесе 68,3% орындалып, 15162 шақырым күрделі жол жөндеу жұмыстары жалғасуда. Алдағы уақытта Сай-Өтес станциясы мен №7 бекет аралығындағы 11,531 шақырым жол күрделі жөндеуден өтетін болады. Сонымен бөлімше аумағындағы жолдар қазіргінен де жақсарып, пойыздар қозғалысына оң ықпал етеді деп отырмыз, — дейді Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Ерлан Бүркітов.

Жиында қозғалысқа кедергі келтіріп отырған тағы бір жайт көтерілді. Ол — темір жол бойында қараусыз жүрген төрт тұлкі жайы. Бөлімше тарапынан темір жол маңындағы тұрғындармен түсіндіру жұмыстары жүргізілуіне қарамастан төрт тұлкінің теміржол төңірегінде жайылуы азаймаған. Мәселен, бірінші тоқсанда теміржолға мал шығу салдарынан машинистер 58 шұғыл тежеу берген. Оның 31-де мал басылған. Өткен жылғы сәйкес кезеңде 59 оқ тежеу қолданылып, 5 мал басылған екен. Биыл одан 26 дерекке артқан. Сондықтан теміржолшылар алдағы уақытта малмен байланысты түйткілдің алдын алу үшін құқық қорғау, жол дистанциясы мен локомотив шаруашылығы қызметкерлерімен бұрынғыдан да күшейтілген профилактикалық жұмыстарды жалғастыруды көздеп отыр.

ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІК ҚАМҚОРЛЫҒЫ



КӘСІПОДАҚ

Қазіргі таңда «Қазкөліккәсіп» қоғамдық бірлестігінің Қызылорда филиалына мүше — 5643 теміржолшы. Қызылорда ЖТ бөлімшесінде — 4, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты мекемелерден 8 бастауыш кәсіподақ ұйымы бар. Сонымен қатар аймақтағы басқа да салалас мекемелердің кәсіподақ ұйымдары серіктесіп жұмыс жасап, аймақ теміржолшыларының мүддесін қорғап келеді.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Өткен жылдың наурыз айынан бері карантиндік жүйеге көшкен аймақ тұрғындарымен қатар теміржолшыларға да оңай тиген жоқ. Алғашқы кезде қарапайым бетперденің өзін таба алмай сарылып, сандалған бұқараның жоғын түгендеген алдымен кәсіподақ ұйымы белсенділері болды. Сол кезден бері салалық мекемелердің кәсіподақ ұйымдары ұжымдастарын гигиеналық, сақтық заттарымен қамтамасыз етуді жалғастырып келеді.

Жұмыс беруші мен жұмысшы арасында дәнекерлік жасаушы кәсіподақ ұйымы ерден-ақ бір қоғамда екі ұстаным ұстанғандарды ортақ келісімге әкелетін дәнекер-бітімгер екені баршамызға мәлім. Олар қандай да ситуациялы жағдайда болсын бір амалын тауып, жұмысшының мүддесін қорғап шығатынына сенетін еңбекшілер қауымы қашанда осы ұйымның маңына шоғырланады. Бүгін біз сөз еткілі отырған теміржолшылар кәсіподағының тыныс-тіршілігі қандай, олар сала жұмысшыларының үлесінен шыға біліп, жұмыскерлер арасындағы алтын көпірге дәнекерлік жасауда ма? Құрамына аймақтағы бірнеше мекеменің кәсіподақ ұйымын біріктіретін бірлестік қандай жұмыс атқарып жатыр? Осы мақсатта «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі («Қазкөліккәсіп» ҚБ) Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметовтен аймақтағы теміржол мекемелерінде соңғы жылдары кәсіподақ ұйымдары тарапынан атқарған жұмыстары жайлы мағлұмат алған болатынбыз. Қызылорда ЖТ бөлімшесі кәсіподақ ұйымы төрағасы Мұхтар Көпірбаев, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі төрайымы Ажар Ерманова, Қазалы белгі беру және байланыс дистанциясы (ШЧ-40) кәсіподақ ұйымы (КҰ) төрағасы Ерсайын Сұлтанов, Сексеуіл жол дистанциясы (ПЧ-60) КҰ төрағасы Көбейсін Рысмамбетов, Теміржолсу Қызылорда (ТЖСу) КҰ төрайымы Ұлболсын Құсбаевалар — теміржолшыларды әлеуметтік тұрғыдан қолдауға атсалысып жүрген кәсіподақ ұйымының басшылары.

Мәселен, өткен жылы Қызылорда ЖТ бөлімшесіне 385 литр антисептик, 5175 дана медициналық бетперде, гигиеналық қолғап, сұйық сабын, белизона, хлорамин секілді қорғаныс заттары теміржолшыларға компания тарапынан таратылса, осыған қосымша мұндай заттар кәсіподақ ұйымдары тарапынан да тегін үлестірілген. Жалпы алғанда ковид-19 індеті басталғалы бері аймақ теміржолшыларына қажетті санитарлық қорғаныс заттарымен қамтамасыз ету шараларын кәсіподақ ұйымы толық атқарып келеді.

— Кәсіподақ — қоғамдық бірлестік. Оның атауы да айтып



тұрғандай, қоғаммен құрылған ұйым қоғам мүшелерінің мүддесін көздейді. Сондықтан кәсіподақ бірінші кезекте теміржолшылардың әлеуметтік-экономикалық, еңбек құқықтарының қорғалуына нұқсан келмеуіне бақылау жасайды. Еңбеккерлердің жұмыс орнының талап деңгейінде болуына атсалысады. Біз аймақтағы барлық бастауыш кәсіподақ ұйымдарымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасап келеміз. Өткен жылы басталған тәжірибеге қарсы әрекет биыл да жалғасуда. Карантиндік жүйе талабына сай қашықтықтан үлестіру жұмыстарын жасаудамыз. Дегенмен жұмыс беруші мен жұмысшының көзқарасын қорғау назардан тыс қалмайды, — деді «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов.

Теміржолшылар арасында өткізілетін кез келген мәдени-көпшілік іс-шараларының демеушісі — кәсіподақ. Теміржолшының отбасында орын алған тосын жағдайдың реттелуі үшін қол ұшын беретін де кәсіподақ. Мәселен, өткен жылы Қызылорда жол дистанциясы жолшысының баспанасы абайсызда өртке оранып, шаңырақ ортасына түскенде кәсіподақ төрайымы Ғалия Ноғайбаева ұйымдастырып, ұжым бір миллион алты жүз мың теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетіп, кәсіподақ ұйымы келістіруші қызметін атқарды. Ал Қазалы станциясында ТД-23 нарядчигі жұмыста жіберген кемшіліктері үшін жұмыстан босатылып келістіруші комиссияға шағымданған соң жұмысқа қайта орналасуға мүмкіндік алған, Шорнақ бекеті қосалқы кезекшісінің баспанасы өргенгенде де кәсіподақ ұйымы тарапынан қаржылай көмек көрсетілген. Жалпы мұндай мысалдар өте көп.

Еңбекшілердің мүддесін қорғайтын қоғамдық ұйым ретінде танылған теміржолшылардың кәсіподақ ұйымы өзінің ұстанған ұстанымы, қалыптасқан дәстүрі деуге болатын іс-қимылымен және әр теміржолшыға жеке дара қарым-қатынас жасауымен ерекшеленіп, қоғамдық бірлестік екенін осындай ізгіліктегі іс-әрекеттерімен, ұстанымымен дәлелдеп отыр.

Суретті түсірген автор

ҚАУІПСІЗ ЖҰМЫСТЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТКЕНДЕР



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Биылғы жылдың алғашқы тоқсаны бойынша Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде өндірістік жарақат алу жағдайы тіркелмеген. Бұл — әрине, жақсы көрсеткіш. Оған қауіпсіздік пен еңбек қорғауды қамтамасыз ету мақсатында басшылар тарапынан кенеттен тексеру жүргізуі, станцияларда жұмысшылармен технологиялық процесті, қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтауды қадағалауы себеп болғаны анық.

Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Еңбек жағдайы мен қауіпсіздікті арттыру бағытында кешенді жоспарға сәйкес 12578,92 мың теңге бөлініп, 100 пайыз игерілген. Қауіпсіздік пен еңбек қорғауды қамтамасыз ету бойынша басшылық тарапынан ай сайын қауіпсіздік техникасының, станциялардағы технологиялық процестің сақталуы бағытында кенеттен 14 тексеру өткен. Оның барысында арнаулы киімсіз жүрген — 2 жағдай, еңбек тәртібін бұзу — 3, лауазымдық нұсқаулықты бұзу — 3, қауіпсіздік техникасын бұзудың 2 жағдайы анықталған. Бөлімшенің еңбек қорғау инженері Гаухар Бержанованың айтуынша, 10 ақпан мен 10 наурыз аралығында өткен «Назар аударыңыз — пойыз құрастырушы» айлығына сәйкес, барлық желілік бөлімшелерде санитарлық норма және маневрлік жұмыстар кезіндегі талаптарды сақтау мақсатында «Темір жол көлігінде пойыздар қозғалысы мен маневрлік жұмыстар нұсқаулығы», сондай-ақ «Пойызқұрастырушы мен көмекшісінің жұмыстарын ұйымдастыру» тақырыбында техникалық сабақтар өтіп, оған 989 жұмысшы қатысыпты. Оның ішінде 149 пойыз құрастырушы, 840 локомотив машинистері мен көмекшілері бар.

Жұмыс орындарын еңбек жағдайына сәйкестендіру бойынша 455 жұмыс орны аттестацияланған. Сонымен қатар 1773 адам зиянды



ЕҢ АЛДЫМЕН - ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ

және ауыр еңбек жағдайында жасайды, оның ішінде 515 адам шу, 144 адам ауаның газдануы, 754 адам физикалық еңбек, 815 адам ауыр еңбек жағдайында жұмыс істейді. Қауіпсіздікті сақтауда практикалық сабақтардың тиімділігі жоғары болатыны сөзсіз. Бұл бағытта қауіпсіздігі аса жоғары аймақта істейтін жұмысшыларға қауіпсіз жұмыс жасау іс-тәжірибесін көрсету бойынша 20 сабақ өтіп, оған 695 адам қатысқан. Оның ішінде станцияларда сабақ пойыз құрастырушылар, белгі беруші, жүк қабылдаушылардың қатысуымен өткен. Теміржолшылардың дені дала өтінде жүріп жұмыс жасайтыны белгілі. Сол бағытта еңбек гигиенасы, суықта қалай жүру, ыстықта өзін қалай ұстау, қатты жел кезінде қалай әрекет ету мысалдары да қажетті дүниелер. Ол бойынша да бюллетендер таратылған, сабақтар өткен. Атырау облысы «қызыл аймаққа» енгізіліп, COVID-19 инфекциясының таралуына орай локомотив деполарында кеңейтіл-


ген мәжілістер өткізу тоқтатылып, олар онлайн режимге көшкен. Сонымен қатар бөлімшеде әр айдың 1-10 аралығында комиссиялық тексеру жүріп тұрады, мұнда 43 кемшілік аяқталып, бәрі де дер кезінде түзетілген.

Еңбек жағдайын жақсарту мақсатында Ганюшкино, Атырау, Ақжайық, Теңдік, Қарабаған, Сағыз, Құлсары, ВЧДЭ-1 Атырау бекеттерінде аса ішу бөлмелеріне қажетті құралдармен қамтамасыз етуге жағдай жасалыпты. Станцияларда «Қауіпсіздік диалогы», «Өндірістік қауіпсіздіктің он екі негізгі ережесі», «Хенрих травматизмінің пирамидасы» тақырыптарында көрнекі жадынамалар ілінген. Ал жазғы-қысық арнаулы киіммен және арнайы қорғаныс құралдарымен бөлімше жұмысшылары 100 процент қамтамасыз етілген. Атырау жүк тасымалы бөлімшесі 25 наурыз-25 сәуір аралығында еңбек қауіпсіздігі бойынша күшейтілген режимге ауыстырылып, бүгінде сол бағытта жұмыстар жүріп жатыр.

Суретті түсірген автор



ШАҒЫН БОЛСА ДА ШАРУАСЫ МЫҒЫМ



БЕКЕТ

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесіне жақын орналасқан, тірлігі қысы-жазы қайнап жататын Аса станциясы шағын болса да шаруасы шатқаяқтаған емес. Станция Жамбыл жеріндегі «Трединг», «Кноудогипс», ТКМ-13, АПГЗ, «Амангелді» газ-кен орны сияқты жауапкершілігі шектеулі серіктестерімен тығыз қарым-қатынаста еңбек етеді.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Әсіресе, «Қазфосфат» ЖШС-мен бірлесіп атқарылған жұмыстар карантинде де тоқтаған емес. Мәселен, кешегі наурыз айындағы жүк тасымалы айналымы 2500 вагонның шамасын құраған. Оның ішінде 1146 вагон жүк тиелсе, 1388 вагон тауар түсірілген. Айналымдағы жүктердің қатарында шлаг, гипс, сары фосфор, феррофосфор рудалары, феррофосфорит қышқылы, газ, мазут сынды заттар бар.

«Кешегі пандемияға байланысты бекітілген карантин режимі кезінде көптеген салада уақытша тоқырау орын алғанын көрдік. Олардың кейбірі әлі де жалғасу үстінде. Алайда, бізбен серіктес компанияларда жұмыс қарқыны жоғалған жоқ, демек, біздің станциямызда да қызу тірлік жалғасып жатыр. Былтыр жаз кезінде көрсеткіштеріміздің біршама төмендегені рас, кейін қайта қалпына түсті», — деді станция бастығы Нұрлан Қазбеков.

Станция жетекшісінің сөзіне қарағанда, ұжымда отыз шақты теміржолшы бар. Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі тарапынан карантин жағдайына байланысты керекті медициналық бұйымдар мен препараттардың барлығы уақытылы жеткізіліп тұрады. Оның ішінде, бетперде, антисептик, арнайы халат секілді заттардан теміржолшылар тартыққан емес.

Станция кезекшісі Ұрысбек Жамалбеков қырық жыл осы станцияда еңбек етеді. Қазір жастардың ақылшы ұстазына айналған теміржолшы өзінен кейінгі буынға тәжірибесімен бөлісіп, білгенін

үйретіп жүр. «Мен теміржолға жиырма жасымда келдім. Мұндағы шаруаның дені көпшілік күшті қажет ететін қара жұмыс болатын. Тандаған жоқпыз, тапсырғанын атқарып жүре бердік. Қазір станция кезекшісімін. Сонау жылдардан бері көп дүние өзгерді. Кеңестік техникадан құтылғанымыз жоқ, шапағатын әлі көріп отырмыз. Бірақ олардың машақаты да аз емес. Ал қазір салаға енгізіліп жатқан жаңа техника мен жаңа технологияның игілігі шаш-етектен, шаруасы болмашы ғана», — деп әңгіме өрбітті аға буын теміржолшы.

Ұжымдағы теміржолшылардың 70 пайызға жуығы жастардан құралған. Соның ішінде Анна Несібаеваның есімі бізге ілгеріден таныс. Бөлімшеде қолға алынған іргелі жобалардың бірі — «Женістің 75 жылдығына — 75 қадам» акциясына белсене атсалысып, төрт тармақтан тұратын шараның бір тармағына жетекшілік еткен ес. Қарияларға арналған көптеген қайырымдылық шараларды ұйымдастырған.

«Жастық жігерді жақсы іске жұмсағанға не жетсін. Былтыр басталған акцияны биыл да жалғастырдық. Ұлы Жеңіс күніне қарай түйіндейтін боламыз. Сол кезде атқарылған шаруаларымыздың есебін береміз», — дейді жас теміржолшы.

Станцияның ғимараты кеңес одағы кезінде тұрғызылған. Алайда, 2007 жылдары күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліпті. Ауыз су мен жылыудан ешқандай мәселе жоқ. Электрлік қазандығы автономды. Станция ұжымы көктемгі байқауды ойдағдай өткізді.

Суретті түсірген автор

Вакцинация

«СПУТНИК V» – полет нормальный

Сотрудники Павлодарского филиала общественного объединения «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» получили вакцину против коронавируса. Они рассказали о самочувствии после прививки.

Жанара ЖУСУПОВА,
Павлодар

Сегодня «Спутник V» пока испытали три человека из организации. Это главный бухгалтер, водитель и эксперт. Вакцинация проходила бесплатно в железнодорожной больнице в порядке общей очереди. Желающих получить прививку, по словам сотрудников профсоюза, было много.

– По работе приходится постоянно контактировать с людьми, поэтому приняла такое решение. Самое главное – это сбросить свое здоровье. В семье я первая получила «Спутник V», – рассказала эксперт профсоюза Айгуль Даулеталиева. – Самое интересное, что у нас троих не было никаких жалоб, как будто и не прививались. Обычно на следующий день наступает слабость, температура, ломота в теле, головная боль. Ничего из перечисленного не наблюдалось.

Повторную прививку они получают через три недели. Железнодорожники Павлодарского отделения ГП еще не вакцинировались.



Железнодорожники призывают коллег позаботиться о своем здоровье и сделать прививку от covid-19. Так, сотрудники ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» оказались в числе первых, кто добровольно получил вакцину от коронавируса.

НУЖЕН КОЛЛЕКТИВНЫЙ ИММУНИТЕТ

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан

Несмотря на пандемию, железнодорожники, особенно задействованные непосредственно в перевозочном процессе, продолжают работу на своих местах. Удачно работают только офисные работники.

Руководство и сотрудники центрального аппарата, связанные с движением поездов, соблюдая все санитарные требования, работают «офлайн», поэтому они решили привиться. Ведь одним из главных методов в борьбе с коронавирусом является вакцинация и приобретение иммунитета.

Среди первых, кто пришел в прививочный пункт, заместитель генерального директора ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Канат Кобесов.

– Массовая вакцинация должна помочь сформировать коллективный иммунитет. Болезнь нужно взять под контроль, железнодорожники могут внести свой вклад в успешную борьбу с пандемией. Сегодня вакцинация – это долг каждого гражданина, чтобы спасти свою жизнь и жизни других людей, – сказал он.

После получения первого компонента вакцины Канат Кобесов продолжил работать в обычном режиме.

Вторую прививку делают на 21-й день после первой.

Вакцинация среди железнодорожников стартовала по всей стране. В частности, в Павлодаре привились члены филиала ТОО «Казпрофтранс». Железнодорожники уверены, что их примеру последуют коллеги и дружно придут в прививочные пункты.

ТЕПЛОВОЗЫ ГОТОВЯТ К ЛЕТУ



В Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо (ТЧЭ-22) – разгар весеннего комиссионного осмотра локомотивов. Он ставит своей целью подготовку к работе в летний период.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск

